

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 мамырдағы N 464 Қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 902 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155 құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109 құжат; N 15, 138-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 140-құжат; N 24 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 13, 53 құжат; N 24, 153-құжат):

289-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерге емделуге м ә ж б ү р л е п ж і б е р у т у р а л ы ;"
мынадай мазмұндағы 33-1-тараумен толықтырылсын:

"33-1-тарау. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерге емделуге мәжбүрлеп жіберу туралы істер бойынша іс жүргізу
308-1-бап. Өтініш беру

1. Азаматты мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерге емделуге мәжбүрлеп жіберу туралы өтінішті оның отбасының мүшелері, еңбек ұжымдары, қоғамдық бірлестіктер, ішкі істер органдары, прокурор, қамқоршылық және қорғаншылық органдары науқастың тұрғылықты жері бойынша сотқа береді.

2. Тұрақты тұрғын жайы жоқ азаматты емделуге мәжбүрлеп жіберу туралы өтінішті оның өтініш берген кезде тұрып жатқан жері бойынша ішкі істер органдары береді.

3. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерге емделуге мәжбүрлеп жіберу үшін заңда көзделген негіздемелер көрсетілуге тиіс өтінішке тұлғаны алкогольизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа шалдыққан деп тану туралы медициналық қорытынды қоса тіркеледі.

308-2-бап. Өтінішті қарау

Азаматты мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемеге емделуге мәжбүрлеп жіберу туралы өтінішті судья іс қозғалған кезден бастап он күн ішінде азаматтың өзінің, науқастың туған-туыстарының, өтініш берушінің, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен қарайды.

308-3-бап. Өтініш бойынша сот шешімі

1. Судья өтінішті мәні бойынша қарай келіп, шешім шығарады, онда өтініш қабылдамай тасталады не қанағаттандырылады.

2. Өтінішті қанағаттандыру туралы шешім азаматты емделуге мәжбүрлеп жіберу және заңда белгіленген мерзімде оны мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемесінде одан әрі ұстау үшін негіз болып табылады."

2. "Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы" Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1991 жылғы 5 маусымдағы Заңына (Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 23, 267-құжат; 1992 ж., N 13-14, 313-құжат):

1) Заңның мемлекеттік тілдегі мәтінінде:

мәтін бойынша "право", "товар", "статья", "формада", "магазиндерден", "штраф", "этикетка", "профиліне", "инициативасы", "коллективтік" деген сөздер тиісті жалғауларымен "құқық", "тауар" "бап", "нысанда", "дүкендерден", "айыппұл", "заттаңба", "бейініне", "бастамасы", "ұжымдық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

3) 1 - б а п т а :

тақырыбында "Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы" Қазақ ССР Заңының" деген сөздер "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте "Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы" Қазақ ССР Заңы" деген сөздер "Осы Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "және республикааралық" деген сөздер алып тасталсын;

4) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының
з а ң н а м а с ы

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы . " ;

5) 4 және 5-баптар алып тасталсын;

6) 7 - б а п т а :

1-тармақта "Қазақ ССР-інің барлық азаматтары" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазақ ССР заң актілерімен, сондай-ақ халық депутаттары жергілікті Советтерінің шешімдерімен тиісті бюджеттерді бекіткен кезде жыл сайын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар:";

7) 8-баптың 7-тармағының екінші және төртінші бөліктері алып тасталсын;

8) 9-баптың 8, 9-тармақтарында "Қазақ ССР" деген сөздер "Қазақстан Республикасы"
" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 10 - б а п т а :

екінші бөлікте "Қазақ ССР" деген сөздер "Қазақстан Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікте "Қазақ ССР Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 11 - б а п т а :

4-тармақтың екінші бөлігінде "және әкімшілік тәртіппен жергілікті бюджеттің табысына аударылатын 200 сомнан 1000 сомға дейін штраф төлетіре отырып алып қойылады" деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақта "әкімшілік жауаптылыққа немесе сот арқылы салынып, жергілікті бюджеттің табысына аударылатын 200 сом мөлшеріндегі штрафқа әкеліп соғады" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 12 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнім өндіру және өткізу кезінде қауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады." ;

4-тармақта "Қазақ ССР-інде" деген сөздер "Қазақстан Республикасында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Егер өнімнің қауіпті ерекшеліктерін жою мүмкін болмаса, анықталған сәттен бастап дайындаушы оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымнан өзі немесе уәкілетті органдардың ұйғарымдары негізінде алып тастауға міндетті." ;

10-тармақ алып тасталсын ;

12) 13-бапта :

екінші бөлікте "арнаулы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар (Мемлекеттік стандарттың территориялық органдары) және басқалар" деген сөздер "уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлік алып тасталсын ;

13) 15-баптың 1-тармағында "Қазақ ССР заңдарында жауаптылықтың әлдеқайда жоғары мөлшері көзделмеген болса," деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмеген болса," деген сөздермен ауыстырылсын ;

14) 16-баптың 4-тармағының екінші бөлігінде, 15-тармағында "Қазақ ССР" деген сөздер "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

15) 18-бапта "егер Қазақ ССР заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, сот белгілеген мөлшерде" деген сөздер "азаматтық заңнамада көзделген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

16) 19-бапта :

1-тармақта "Министрлер Кабинеті, министрліктер мен ведомстволар, халық депутаттарының жергілікті Советтер" деген сөздер "Мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтың бесінші абзацында "Қазақ ССР-і" деген сөздер "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

17) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Соттың тұтынушылар құқығын қорғауы

Соттың тұтынушылар құқығын қорғауы Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады." ;

18) 21-баптың бірінші бөлігінде "Қазақ ССР, ССРО" деген сөздер "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

19) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарының құқықтары

Тұтынушылардың қоғамдары мен одақтары қоғам мүшелерінің жалпы жиналысы немесе тұтынушылардың уәкілетті қоғамдарының жиналысы қабылдайтын жарғыларға сәйкес жұмыс істейді және заңды тұлғалар болып табылады.

Тұтынушылар қоғамдары мен одақтар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер болып табылады.

Тұтынушылар қоғамы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында: тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге, олардың бағалары мен тарифтеріне тәуелсіз с а р а п т а м а жү р г і з у г е ;

тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хаттармен, шағымдармен, арыздармен және ұсыныстармен жүгінуге; қызмет көрсетудің түрлі салаларында қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға; көтеріңкі бағалар бойынша немесе сапа жөніндегі белгіленген талаптарға сай келмейтін өнім шығару мен өткізуге, сауда және халыққа қызмет көрсету ережелерін бұзуға кінәлі ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы м ә с е л е л е р қ о ю ғ а ;

уәкілетті органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнімнің сапасын жақсарту жөніндегі шаралар туралы, сапа жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнім шығару мен өткізуге тыйым салу туралы, оны өндіруді тоқтату туралы, азаматтардың өміріне, денсаулығы мен мүлкіне қауіпті айналадағы ортаға зиян келтіретін өнімді өткізу мен сатудан алып тастау туралы, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы бұза отырып белгіленген бағалардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге ;

заңнамада және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өздерінің басқа да құқықтарын белгіленген тәртіппен іске асыруға құқылы."

3. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 636-құжат; 1995 ж., N 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 10, 101-құжат; 2004 ж., N 19, 115-құжат; N 23, 142 - қ ұ ж а т) :

2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

4. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 21, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат;

1999 ж., N 8, 247-құжат; 2004 ж., N 24, 150-құжат):

1) 9-бапта "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен экологиялық қасірет аймақтарының шекарасын өзгерту

Экологиялық апат, экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ шегінде экологиялық қасірет аймақтары шекарасын, сондай-ақ экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтардың мәртебесін өзгерту жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдары Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.";

3) 11-бапта, 12-баптың бірінші абзацында "Министрлер Кабинеті", "жергілікті әкімдер" деген сөздер тиісінше "Үкіметі", "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 19-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар:";

5) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Осы Заңның іске асырылуын бақылау

Осы Заңның орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады."

5. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 23, 560-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; N 20, 252 құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; N 22, 334-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 923-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "Министрлер Кабинеті", "Министрлер Кабинетінің" деген сөздер тиісінше "Үкіметі", "Үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың төртінші бөлігі алып тасталсын;

3) 17-баптың төртінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Медициналық мекемелерді ұстауға арналған қаражатты ұлғайтуды қамтамасыз ететін қаражат бөлу бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады."

6. "Кәсіптік одақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесін Жаршысы, 1993 ж., N 8, 200-құжат; 1995 ж., N 20, 121-құжат; 2002 ж., N 16, 147-құжат):

2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының кәсіптік одақтар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының кәсіптік одақтар туралы заңнамасы Қазақстан

Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

7. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 242-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 220-құжат; N 22, 334-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; 2001 ж., N 2, 14 - құжат) :

1) кіріспеде "Жоғарғы Кеңесі" деген сөздер "Парламенті" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 28-бап алып тасталсын .

8. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат; 1995 ж., N 23, 146-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 23, 142-құжат) :

4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

9. "Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 32-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматты мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелеріне емделуге мәжбүрлеп жіберу туралы мәселені сот заң актілерінде белгіленген тәртіппен шешеді.";

2) 7-баптың екінші бөлігінде:

"халық (қалалық) соты" деген сөздер "тиісті аудандық (қалалық) сот" деген сөздермен ауыстырылсын .

10. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333 құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22,

408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат):

4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасының банк қызметі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінен, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттардан (келісімдерден), сондай-ақ өздерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасы Президентінің актілері негізінде және оларды орындау үшін шығарылатын уәкілетті органның және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

11. "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жырығы 23 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 21, 396-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 23, 140-құжат):

3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жиылсын:

"1. Қазақстан Республикасының жекешелендіру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

12. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 6, 191-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат; 2003 ж., N 23, 169-құжат):

4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

13. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 31, 63-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат, N 13, 53-құжат):

3-баптың екінші бөлігінде "аумақтық" деген сөз алып тасталсын.

14. "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 2003 ж., N 11, 56 құжат; N 24, 178-құжат):

1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлықтағыдан", "Жарлықпен" "Жарлықтың", "Жарлыққа", "Жарлықта", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңнан", "Заңмен", "Заңның", "Заңға", "Заңда", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын.

4) 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жиылсын:

"1. Қазақстан Республикасының шаруашылық серіктестіктері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

15. "Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2340 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж. N 9-10):

1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының
З а ң ы " ;

2) кіріспе алып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлықпен" "Жарлықта", "Жарлықтың", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңмен", "Заңда", "Заңның", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы
з а ң н а м а с ы

Қазақстан Республикасының азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті